

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ САҚТАНДЫРУ ДЕПАРТАМЕНТІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
22 сәуір 1994 ж. N 447. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы
N 124 қаулысымен

"Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі
ұйымдық-құқықтық шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
1994 жылғы 16 сәуірдегі N 1658 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру, сақтандыру
туралы заңдардың сақталуына бақылау жасау және Мемлекеттік мүліктік және
жеке сақтандыру қорын басқаруды ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің құрамында Сақтандыру департаменті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті
туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сақтандыру департаменті
қызметкерлерінің штаттағы шекті саны 25 адам болып және қызмет бабында
пайдаланылатын бір автомобильге лимит белгіленсін.

4. Сақтандыру департаментінің қызметкерлерінің салық қызметінің
қызметкерлері үшін көзделген еңбекақы төлеу шарттары қолданылсын.

Сақтандыру департаменті директорының лауазымы медициналық және
тұрмыстық қамтамасыз ету, көлік қызметін көрсету шарттары бойынша
Қазақстан Республикасы министрі орынбасарының лауазымына теңестірілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған
республикалық бюджеттің мемлекеттік басқару органдарын ұстауға бөлінетін
қаражаты есебінен Сақтандыру департаментінің аппаратын ұстауға қажетті
қ а р ж ы к ө з д е й т і н б о л с ы н .

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сақтандыру департаменті екі
ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

- Өзара сақтандыру қоғамдары туралы ережені;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліктік және жеке сақтандыру
қ о р ы т у р а л ы е р е ж е н і ;

- Жеке және заңды тұлғалардың қозғалмайтын мүлкін міндетті түрде
сақтандыру ұйымдастыру және оны жүргізу шарттарын;

- Жеке тұлғалар - көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыруды ұйымдастыру және оны жүргізу шарттарын;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясын қайта ұйымдастыру туралы ұсыныстар;
- шетелдік сақтандыру жөніндегі мемлекеттік компанияның "Қазақшетелсақтандыру" компаниясының құрылтай құжаттарын тапсырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 22 сәуірдегі
N 447 қаулысына
Қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Сақтандыру департаменті туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті (Сақтандыру департаменті) сақтандыру қызметін реттеуді, сақтандыру туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын және сақтанушылардың, сақтандырушылардың, үшінші бір тұлғалардың және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы өкімет мемлекеттік органы болып табылады.

2. Сақтандыру департаменті сақтандыру қызметін лицензиялауды, есепке алуды және есеп беруді, осы мәселелер бойынша нормативтік құжаттар әзірлеуді ұйымдастыру, сақтандыру ұйымдарының мемлекеттік тізілімін жүргізу, сақтандыру тарифтерінің негізділігін, сақтанушылардың қаржылық тұрақтылығының қамтамасыз етілуін бақылау арқылы Қазақстан Республикасының біртұтас сақтандыру нарығын реттеуді жүзеге асырады.

3. Сақтандыру департаменті өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданылып жүрген заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Сақтандыру департаменті сақтандыру қызметін қадағалау мен реттеуге байланысты мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді, сақтандыру мәселелері бойынша халықаралық шарттар мен келісімдер әзірлеуге қатысады, басқа мемлекеттердің осындай мекемелерімен қатынас жасайды, Қазақстанның сақтандыру компанияларының халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдеседі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін Сақтандыру департаменті өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде мынадай функциялар атқарады:

сақтандырушыларға сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар береді ;

сақтандырушылардың есебін, олардың бірлестіктері мен сақтандыру делдалдарының тізілімін жүргізеді;

сақтандыру тарифтарының негізділігіне және сақтанушылардың қаржылық тұрақтылығының қамтамасыз етілуіне бақылау жасайды;

сақтандыру резервтерін қалыптастыру және орналастыру ережелерін, сақтандыру операцияларын есепке алудың және сақтандыру қызметі туралы есеп берудің көрсеткіштері мен нысандарын белгілейді;

Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыруды ұйымдастыруға және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға қатысатын барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауына міндетті, өзінің құзырына жататын сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттар әзірлейді және бекітеді, оның ішінде сақтандырушының төлем қабілетін қамтамасыз ету үшін оның активтері мен қабылдаған міндеттемелерінің ара-қатынасының есебін жасаудың әдістемелілігін айқындайды және олардың нормативтік мөлшерлерін б е л г і л е й д і ;

сақтандыру қызметінің іс-тәжірибесін қорытады, сақтандыру туралы заңды жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлейді және оларды табыс е т е д і ;

Сақтандыру департаментінің қызметкерлерін кәсіптік даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар жүргізеді.

6. Сақтандыру департаменті өзіне жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды жү з е г е а с ы р у ү ш і н :

сақтанушылардан белгіленген есептер мен мәліметтер, сондай-ақ банкілерден , кәсіпорындардан, ұйымдар мен азаматтардан қажетті ақпар алуға;

сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңды сақтауына және олардың беретін есептерінің анық-қанығына тексеру жүргізуге;

сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңдарды, басқа нормативтік талаптардың сақтандыру қызметін жүзеге асыруға қатысты бөлігін бұзғаны анықталған жағдайда оларға осы кемшіліктерді жою жөнінде тапсырма беруге, ал тапсырма орындалмаған ретте анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін осы сақтандырушылар лицензияларының күшін тоқтата тұруға немесе шектеуге яки лицензияларды қайтарып алу туралы шешім қабылдауға;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдында жоғарыда келтірілген негіздер бойынша мемлекеттік сақтандыру компанияларының

бірінші басшыларын қызметтерінен алу туралы мәселе қоюға;

сақтандыру компаниялары үшін кадрлар даярлайтын және олардың біліктілігін арттыратын оқу орындарының барлық түріндегі, соның ішінде мамандандырылған ұйымдардағы сақтандыру жөніндегі оқу бағдарламаларын сараптамадан өткізуге қатысуға құқығы бар.

7. Сақтандыру компаниясы белгіленген тәртіппен сақтандырушылардың есеп жоспарларын және бухгалтерлік есеп пен есеп беру ережелерін, сақтандыру операциялары есебінің көрсеткіштері мен нысанын бекітеді, сондай-ақ олардың жылдық баланстарды, пайда мен залал шоттарын жариялау мерзімдерін а й қ ы н д а й д ы .

8. Сақтандыру департаменті сақтандыру мәселелері бойынша азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өтініштерін, ұсыныстары мен ш а ғ ы м д а р ы н қ а р а й д ы .

9. Сақтандыру департаменті өзінің қызметін жүзеге асыру барысында уақытша кеңестер мен комиссиялар құрып, сақтандыру нарығын реттеу мәселелерін талқылауға сарапшылар тарта алады, сондай-ақ сақтандыру компанияларының қызметіне тексеру жүргізу үшін уәкілдер тағайындай алады.

10. Сақтандыру департаменті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүліктік және жеке сақтандыру қорының атқарушы органы болып табылады.

11. Сақтандыру департаментін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын директор басқарады.

12. Сақтандыру департаментінің директоры Департаментке жүктелген өкілеттіктердің орындалуына дербес жауап береді, өзінің орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының тапсырылған жұмыс учаскесіне жауапкершілік деңгейін айқындайды, лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын нормативтік құжаттарды бекітеді.

13. Сақтандыру департаментінің директоры өзінің құзыры шеңберінде барлық сақтандырушылардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен нұсқамалар шығарады, нұсқаулар береді және олардың орындалуына тексеруді ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

14. Сақтандыру департаментінің аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

15. Сақтандыру департаментінің директоры сенімхатсыз-ақ Департамент атынан әрекет етеді, оның мүдделерін білдіреді, шарттар (келісімдер) жасайды және өзінің өкілеттіктері шеңберінде өзге де іс-әрекеттер жасайды.

16. Сақтандыру департаменті директорының орынбасарларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметінен

б о с а т а д ы .

17. Сақтандыру департаментінің лауазымды адамдары сақтандырушылардың коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жеке басының мақсаттарында пайдалануға және қай нысанда болмасын жария етуге құқығы жоқ.

18. Сақтандыру департаментінің лицензия беруден бас тартуына сақтандырушылар жөніндегі өзге де іс-әрекеттеріне байланысты олар сот органдарына шағым беруі мүмкін.

19. Сақтандыру департаменті өз құзырына жатқызылған мәселелер бойынша бюллетеньдер, әдістемелік нұсқаулар, нұсқамалар мен ұсыныстар, анықтамалық және өзге де материалдар шығарады, сондай-ақ сақтандыру туралы заңдарды қолдану жөнінде консультациялар мен түсініктер береді.

20. Сақтандыру департаментінің өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған бланкілері мен мөрі болады.